ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 30 мамыр №7119-24-00-2/5064 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья Г.М.Баткалова,
сот отырысының хатшысы К.Есалиеваның отыруында, ашық сот отырысында аудио-бейне жазба құрылғысын және «WhatsApp» қосымшасын пайдалана отырып, электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «№ 28 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Түркістан аймақтық дезинфекциялық қызметі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі: Ерхалина Т.Ж.

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Астана қаласы әкімдігінің «№ 28 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (Тапсырыс беруші) мен «Түркістан аймақтық дезинфекциялық қызметі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Өнім беруші) арасында 2024 жылғы 17 қаңтарда түзілген №23 Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартқа сәйкес, Өнім беруші шарттың қосымшаларында көрсетілгендей жалпы сомасы 124 000 теңгеге санитарлық қызмет (дезинфекция,дезинсекция,дератизацияжәне соларғаұқсас) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Көрсетілген қызметтерді қабылдауға және Шарт бойынша

Құжатқа қол қойылған: Баткалова Г. М., 04.06.2024
Заңды күшіне енген күні: 05.07.2024, судья Бертыбаева С. Т., 09.07.2024
7119-24-3-1/4534

Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартындатөлеуге міндеттенеді.

Шарттың 1-қосымшасына сәйкес, қызмет көрсету мерзімі – келісім шартқа қол қойған күннен бастап 2024 жылдың 31 желтоқсанға дейін.

Сатып алынатын қызметтердің техникалық ерекшелігінің 15-тармағына сәйкес қызмет көрсету кезеңділігі ай сайын, айына бір рет және тапсырыс берушінің өтініші бойынша жүзеге асырылады.

Талап қоюшы өз талабын қолдап, жауапкер 31.03.2024 жылға наурыз айындағы міндеттемелерін орындамағанын көрсеткен. Сонымен бірге, жауапкер 2024 жылғы 23 наурыздағы тараптар қол қойған актісіне сәйкес ақпан айындағы міндеттемелерін орындағаны көрсетілген.

Өнім берушінің шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты талап қоюшы оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талаппен сотқа жүгінді.

Талап қоюшы өкілі талапты толық қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысына жауапкердің өкілі келмеді, сот АПК-нің 196-бабына сәйкес, істі жауапкердің қатысуынсыз жүргізеді.

Сот, талап қоюшы өкілінің түсініктемелерін тыңдап, іс материалдарын зерделеп, ұсынылған дәлелдемелерді толықтай бағалай отырып, келесідей қорытындыға келді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағы 3)-тармақшасына сәйкес, тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші не уәкілетті орган әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 Нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған

Құжатқа қол қойылған: Батқалова Г. М., 04.06.2024
Заңды күшіне енген күні: 05.07.2024, судья Бертыбаева С. Т., 09.07.2024
7119-24-3-1/4534

жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы). Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу туралы шарт тараптарының жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде жасаған қосымша келісімдері де соттардың бағалауына жатады. Заңның 45-бабында мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына не жасалған шартқа өзгерістер енгізудің негіздері белгіленген. Осыған байланысты, егер тараптар шартқа, жобалау-сметалық құжаттамаға Заңның 45-бабы 2-тармағының 7), 8), 9) тармақшаларына сәйкес өзгерістер енгізбесе, онда мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартта көзделген жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде қосымша келісімдерге сілтеме жасау негізсіз болып табылатынын соттар назарда ұстауға тиіс.

Шарттың 3.1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес өнім беруші шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Сот жауапкердің техникалық шарттарға сәйкес көрсетілген наурыз айында атқару қажет болған міндеттемелерін 2024 жылдың 31 наурызына дейін орындамағанын анықтады.

Талапкердің міндеттемелерін орындамауына байланысты жауапкерге 02.04.2024 жылғы келісім-шартты бұзу туралы хабарлама жолданып, шарт 03.05.2024 жылы бұзылған.

Мұндай жағдайларда сот жауапкердің кінәсін азаматтық-құқықтық жауапкершілікке негіз ретінде, сондай-ақ тапсырыс беруші үшін шарт жасасу бырысында күткенін алмау кезіндегі жағымсыз салдарларды ескереді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, сот отырысында ұсынылған дәлелдемелерді толығымен талдай отырып, жауапкердің шарттық міндеттемелерді орындамауын және шарттың бұзылғандығын ескере отырып, сот талап қоюшының талабы қанағаттандыруға жатады деген қорытындыға келді.

АПК-нің 117 баптарынана сәйкес мемлекеттік баж жауапкерден өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Астана қаласы әкімдігінің «№ 28 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының «Түркістан аймақтық дезинфекциялық қызметі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қойған мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Құжатқа қол қойылған: Батқалова Г. М., 04.06.2024
Заңды күшіне енген күні: 05.07.2024, судья Бертыбаева С. Т., 09.07.2024
7119-24-3-1/4534

«Түркістан аймақтық дезинфекциялық қызметі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Түркістан аймақтық дезинфекциялық қызметі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья **Г.М.Баткалова**

Құжатқа қол қойылған: Баткалова Г. М., 04.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 05.07.2024, судья Бертыбаева С. Т., 09.07.2024

7119-24-3-1/4534